

Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланудың төлемақы ставкалары туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 9/76-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 қаңтарда № 2206 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 44/358-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 09.12.2015 № 44/358-V шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексіне, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы

Заңына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман пайдаланудың төлемақы ставкалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес б е к і т і л с і н .

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) «Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман пайдаланудың төлемақы ставкаларын бекіту туралы» Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 23 маусымдағы № 16/161-III (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1915-нөмірмен тіркелген, 2005 жылғы 26 шілдеде «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 104-нөмірінде жарияланған) ш е ш і м і ;

2) «Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман пайдаланудың төлемақы ставкаларын бекіту туралы» Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 23 маусымдағы № 16/161-III шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2008 жылғы 27 наурыздағы № 5/72-IV (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1978- нөмірмен тіркелген, 2008 жылы 22 сәуірде «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 61-62 нөмірінде жарияланған) шешімі.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы С.Қуашбаев

Облыстық мәслихаттың хатшысы Қ.Ержан

Оңтүстік

Қазақстан

облыстық

мәслихатының

2012

жылғы

7

желтоқсандағы

№

9/76-V

шешіміне

қосымша

Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман пайдаланудың төлемақы ставкалары

| Р/с № | Орман пайдаланудың түрлері | Өлшем бірлігі | Төлемақы ставкалары |
|-------|---|---------------|---|
| 1 | Орманды жанама пайдалану | | |
| 1.1 | Шөп шабу | | |
| 1.1.1 | жай-күйі жақсы | гектар | 140 теңге |
| 1.1.2 | жай-күйі қанағаттанарлық | гектар | 105 теңге |
| 1.1.3 | жай-күйі қанағаттанарлықсыз | гектар | 82 теңге |
| 1.2 | Мал жаю | | |
| 1.2.1 | түйе | 1 бас | 82 теңге |
| 1.2.2 | ірі кара мал | 1 бас | 65 теңге |
| 1.2.3 | жылқы | 1 бас | 65 теңге |
| 1.2.4 | ірі кара малдың төлдері | 1 бас | 33 теңге |
| 1.2.5 | есек | 1 бас | 33 теңге |
| 1.2.6 | ешкі | 1 бас | 57 теңге |
| 1.2.7 | қой | 1 бас | 16 теңге |
| 1.3 | Аң өсіру | 1 гектар | 253 теңге |
| 1.4 | Ара ұяларын орналастыру | 1 ұя | 117 теңге |
| 1.5 | Көкөніс, бақша шаруашылығы және өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру | 1 гектар | Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 380-бабына сәйкес жер салығы деңгейінде айқындалады |
| 2 | Орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін пайдалану | | |
| 2.1 | ұзақ мерзімді пайдалану | 1 гектар | 58,5 теңге |
| 2.2 | қысқа мерзімді пайдалану | 1 адам/күн | 0,1 айлық есептік көрсеткіші |
| 3 | Орман қоры учаскелерін рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттары үшін пайдалану | | |
| 3.1 | ұзақ мерзімді пайдалану | 1 гектар | 253 теңге |
| 3.2 | қысқа мерзімді пайдалану | 1 адам/күн | 0,1 айлық есептік көрсеткіш |
| 4 | Орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығы мұқтаждықтары үшін пайдалану | 1 гектар | нөлдік |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК